

«Тексерілді»

«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақшасының әдіскері:

 М.А.Туякова

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
Перспективалық жоспары**

№ 5 «Құлыншақ» ересек тобы

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.

Кезең	СӘУІР
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүгірумен, секірумен, бағытты, қарқынды өзгертумен, қолдар мен аяқтардың қозғалыстарын үйлестірумен кезектесіп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; Тепе-теңдікте жаттығу: еденнен 20-25 сантиметрге көтерілген баспалдақтың рейкаларынан, қолдардың әртүрлі қалпымен толтырылған доптан аттап өту; Әр түрлі тапсырмалармен жүгіру дағдысын бекіту: жылдамдықты үдетумен және баяулатумен, жүргізушінің ауысуымен, баяу қарқынмен жүгіру; Шығуға жаттығу: гимнастикалық қабырға бойымен жоғары-төмен алма-кезек адымдап, аралықтан оңға, солға аралыққа өту. Бөренеден, гимнастикалық орындықтан асып түсу. Секіру жаттығулары: аяқтарды қосып, аяқтарды ажыратып, бір аяқпен (оң және сол аяқпен кезектесіп), 4-5 сызық арқылы (сызықтар арасындағы қашықтық 40-50 сантиметр), 20-25 сантиметр биіктіктен. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру білігін бекіту; допты екі қолмен және бір қолмен бастан асыра кедергілерден лақтыру (2 метр қашықтықтан). Жалпы дамыту жаттығулары Қолдар мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау дағдыларын бекітуді жалғастыру: қолдарды алға - артқа сермеу; шынтақтан бүгілген қолдармен айналмалы қозғалыстарды орындау. Заттармен және затсыз жаттығуларды орындауға итермелеу. Денеге арналған жаттығулар: арқадан ішке бұрылып, жоғары созылған қолдарда затты ұстау; алға созылған қолдарды, иықтарды, басты ішпен жатып көтеру.

	Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен көтеріліп, тұру; аяқты кезекпе-кезек алға өкшеге, содан соң аяқтың ұшына қою, топырақ басу; қатарынан - жартылай отыру. Спорттық жаттығулар: Екі дөңгелекті және үш дөңгелекті велосипед тебуді бекіту. Оңға, солға бұрылыстар жасау. Қимылды ойындар Балалардың белсенділігін доппен, секіргішпен, шеңбермен және басқа да ойындарда дамытуды жалғастыру. Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға тарту, қозғалыс ойындарына қатысуға қызығушылықтарын ояту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Дене мүшелері мен сезім мүшелерінің адам өмірі мен денсаулығы үшін маңызы, оларды қалай күту керектігі туралы түсініктерді бекітуді жалғастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау: тағамды жақсылап шайнау, ас құралдарын (қасық, шанышқы) дұрыс қолдану, майлықты пайдалану, тамақтан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Бейнелеу іс-әрекетінен кейін флакондарды, қылқаламдарды жууға, үстелді сүртуге шақыру. Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ысқырықты, шулы, сонорлы (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қоры Баланың сөздік қорын оның айналасынан тыс заттар мен құбылыстардың атаулары бойынша кеңейту, балалармен аталған заттар мен құбылыстардың қолданылу аясын талқылау. Сөйлеуде жиі қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, предлогтарды қолдану. Балаларды қазақ халқының қонақ күту дәстүрімен (қонақты қарсы алу, отырғызу, сыбаға беру, ас қайыру, бата беру) таныстыруды жалғастыру. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыра білуге, етістіктерді бұйрық райда қолдануға (отыру, жүру, жүгіру т.б.) үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу

	Қойылған сұрақтарға толық, дұрыс жауап беруге шақыру. Шығармалардың, ертегілердің қызықты фрагменттерін айтып беруді бекіту; таныс емес заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға тарту.
Көркем әдебиет	Көркем шығармаларды мұқият тыңдауға, кейіпкерлерге жанашырлықпен қарауға, ондағы оқиғалардың дамуын бақылауға, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталау кезінде сюжеттік желінің дәйектілігін сақтауға, автордың сөздерін айтуға, кейіпкерлердің мінезін беруге, шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басы мен соңын ойлап табуға шақыру. Жұмбақ шешу, мақал-мәтел жаттау, айтыс өнеріне баулу. Ерікті ойындарда таныс кейіпкерлердің бейнелерін өздігінен қайталауға шақыру
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: Заттардың сынын, санын, кимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыруды жалғастыру. 5-ке дейін тура санауға жаттықтыруды жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтарды педагогтың үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйретуді жалғастыру Қарапайым сұрақтарға (Бұл не?қандай?) жауап беруге үйрету
Математика негіздері	Жиын Заттарды салыстыру, жұптарды салыстыру негізінде олардың теңдігін немесе тең еместігін анықтау білігін бекіту. Саны, шот Теңдік ұғымын екі тәсілмен қалыптастыру: бір затты саны аз топқа қосу арқылы немесе артық топтан алып тастау арқылы. "Қанша болды?," "Қанша қалды?" деген сұрақтарға жауап беру. 5-ке дейінгі аралықта тура және кері санауға жаттықтыру. Шама Екі түрлі және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыра білуге жаттықтыру; шаманы салыстыру кезінде беттестіру (үстіне) және жапсыру (жанына) тәсілдерін қолдану. Геометриялық пішіндер Геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) тануға және атауға, көру және сипат сезу арқылы геометриялық фигураларды зерттеуге шақыру. Кеңістікке бағдарлану

	Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыра білуді бекіту. Уақытқа бағдарлану Тәулік бөліктері (таң, күн, кеш, түн), олардың тән ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерді кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерінің мағынасын түсіндіру).
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы алғашқы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру (мен мектепке барамын, мектепте қызық, мен жақсы оқимын, мен көп нәрсені үйренемін. Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, әдет-ғұрыптар туралы өз бетінше әңгімелеуге шақыру. Заттар әлемі Жақын маңдағы заттарды ажырата білу және атау дағдысын жетілдіру. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыра беру. Адамдарға еңбегі үшін алғыс сезімін және еңбек нәтижелеріне құрметпен қарауды тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары Әр түрлі көліктер мен оларды басқаратын адамдар туралы білімді жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауды тәрбиелеу. Ересектер еңбегі Қойылған тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруды жалғастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесу ниетін қалыптастыру. Топтағы кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға шақыру. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі (қала мен ауыл байланысы), екінші еңбегі туралы білімдерін қалыптастыра беру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Баланың моральдық нормаларды сақтауға (және бұзуға) жеке көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету: әділ әрекет жасаған, құрдасының өтініші бойынша жол берген, ойыншықтармен бөліскен және т.б. Құрдасына шын жүректен кешірім сұрауға, келтірген реніші үшін шынайы өкінішін білдіруге ынталандыру. Менің Отаным – Қазақстан Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ояту. Қазақстан Республикасының әскері, Отан қорғаушылары туралы түсініктерін кеңейту. Патриотизмге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Жол қозғалысы ережелері Көшені бағдаршамның жарық сигналдарына сәйкес кесіп өту дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік-рольдік ойындарда жол қозғалысы ережелерін білуді бекіту.

	Күрделі жағдайларда (адасқанда, жарақат алғанда, қарны ашқанда және т.б.) Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары Ауа райы құбылыстары (жел, жаңбыр, тұман) туралы түсініктерді кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау, ауа райына сәйкес киіну. Ойын, еңбек, тәжірибе барысында құмның, судың, тастың қасиеттерін анықтауға тарту. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктердің тірі ағзалар екендігі және олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал және жылу қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру. Олардың даму кезеңдері туралы бастапқы түсініктерді жетілдіру (тұқым, көшет, сабак, жапырақ, гүл, тұқым). Адамның табиғатқа деген көзқарасы туралы білім қалыптастыру. Жануарлар әлемі Үй жануарлары мен олардың төлдері, оларды күтудегі ересектердің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруға үйретуді жалғастыру (көктемде: көбелектер, қоңыздар пайда болады, құстар көбейеді, олар ән салады, ұя салады, балапандарын шығарады). Жәндіктер туралы түсініктерді кеңейту (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа). Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: Өз өмірін қауіпсіз етудің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құрылғыларынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау).
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру Құрылысқа пайдаланылатын бөлшектерді (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) атауға ынталандыру, оларды сапасы, көлемі және пішіні бойынша таңдауға үйрету. Дайын конструкцияларды әр түрлі ойындарда қолдануға ынталандыру. Жобалау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру. Ұжымдық құрылысқа деген қызығушылықты ояту. Қағазбен құрастыру "Оригами" тәсілі бойынша қарапайым пішіндерді құрастыру. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыруды жалғастыру, олардың жасалу материалын зерттеу. Табиғи (құймақ, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дән түрлері, т.б.) және қалдық (капак түрлері, пластмасса, қораптар, іш киімге арналған қысқыштар, т.б.) материалдардан құрастыруға шақыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына,

	тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылығын дамыту. Заттарды көлеміне қарай: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа деп салыстыра білу дағдысын қалыптастыру. Элементтердің орналасу тәртібін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға шақыру. Суретте әртүрлі түстерді қолдануға, түстердің көп болуына назар аударуға деген құштарлықты дамыту. Жұмыс орнын таза ұстауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру.
Мүсіндеу	Түрлі пішіндегі таныс заттарды, олардың сипатты ерекшеліктерін ескере отырып, мүсіндеуге шақыру. Заттардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді біріктіре отырып, бірнеше бөліктерден мүсіндеу білігін қалыптастыру. Балалардың көлемді фигуралар мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге деген қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу кезінде ұзу, қысу, батыру, бұрау, созу, жаю тәсілдерін қолдану. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылықты арттыру. Мүсіндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалану қабілетін бекіту. Шаршыдан дөңгелек пішіндерді және тікбұрыштан сопақша пішіндерді бұрыштарды бүктеу арқылы кесу білігін жетілдіру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыруды жалғастыру (киіз үй және оның жабдықтары: сандық, кебеже, текемет, сырмақ және т.б.). Композиция құрастырған кезде дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше желімдеуге мүмкіндік беру.
Музыка	Музыка тындау Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқай білу дағдысын бекіту: ақырын, қатты, баяу, тез. Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырату қабілетін дамыту (секста, септима шегінде жоғары, төмен), иллюстрацияларды көрсету және ымдау арқылы әндерді сүйемелдеу қабілеті. Ән айту Әуенді таза, фразалардың соңын жұмсарту, сөздерді анық айту, музыканың сипатын бере отырып мәнерлеп айту; жоғары және төмен дауыспен, дауысты және естуді дамыту үшін қолдардың қозғалысын көрсету дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар Марш сипатын ырғақты жүріспен беруге шақыру; музыканың қозғалмалы сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен, екі аяқпен секіруді қозғалмалы екпінде жеңіл және еркін орындауға, музыканың ырғағын дәл беруге шақыру. Музыканың ырғағын жеткізе отырып, қозғалмалы екпінде секіруді орындау дағдысын бекіту.

	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Ағаш қасықта, асатаяқта, сазсырнеде қарапайым әуендерді ойнай білуге дағдыландыру. Балалардың музыкалық аспаптарын тану және атау дағдыларын жетілдіру. Би Музыканың би сипатын қабылдау білігін қалыптастыру; жеңіл, ырғақты қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау, биде ойындық музыкалық әрекеттерді қолдану.
--	---